Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰОҚ	1.Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: "Балабақшадағы алғашқы күн" Мақсаты: "М"- "П" дыбыстарының ұқсастығын түсіндіру. Балаларды әңгімені жалғастырып айтуға үйрету. Мазмұнды жалғастыру арқылы ой-қиялын дамыту.Баланы ұқыптылыққа тәр 2.Жаратылыстану Тақырыбы: «Бізді не қоршап тұр?» Мақсаты: «Жансыз табиғат» деген түсінікпен таныстыру, жансыз табиғаттағы заттарды адамның қолымен жасалған заттардан ажырата білуге үйрету. 3.Сурет салу Тақырыбы: «Ағаш бұтақтары» <i>(Түрлі түсті қарындаштар)</i> Мақсаты: балаларға терек бұталары жайлы түсінік беру, ағаштарды өзіндік ерекшеліктеріне байланыстыру.	1.Орыс тілі Тема: «Мой любимый Детский сад» ЦЕЛЬ: Ввести в активную речь детей слова: детский сад, комната, пол, стена, потолок, окно, дверь. Развивать образную речь 2.Математика негіздері Тақырыбы: «Біреу – көп» Мақсаты: балаларға заттар жиынынан бір затты бөле білуге үйрету. «біреу» және «көп» («бірнеше») терминдерін енгізу. Есте сақтау, сөйлеу, назар аудару дағдыларын дамыту. 3.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Спортзал» Мақсаты: Допты алдыға, жоғары лақтырып, оны қайтадан қағып алуды үйрету. Заттарды аттап жүрген кезде дене бітімін дұрыс ұстап, тепе-теңдік сақтап жүруді үйретуді жалғастыру. Жүгіру барысында қол мен аяқты үйлестіріп бір тізбекпен жүгіру және жүруге жаттықтыру. 4. Мүсіндеу Тақырыбы: «Жемістер бағында» (алма, алмұрт.) Мақсаты: мүсіндеудің таныс әдістерін қолданып, заттарды мүсіндеу, бейнені затпен салыстыру, сәйкестіктерді анықтау	2.Сауат ашу негіздері Тақырыбы: «Біздің айналадағы дыбыстар» Мақсаты: «Дыбыс» термині туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру, сөздің дыбыстық құрылымымен таныстыру, алдағы сауат ашу негіздеріне үйрету үшін талдау әрекеттерін қалыптастыру, сөздегі дыбыстардың нақты артикуляциясын, интонациялық мәнерлілігін қалыптастыру. 1.Қоршаған ортамен танысу Тақырыбы: «Заттардың адам өміріне маңызы. Заттар неден жасалады?» Мақсаты: балаларға заттардың белгілері мен ерекшеліктері туралы білім беру. қандай материалдан жасалғанын және олардың сапасы туралы түсінік беру; сипаттай білуге үйрету 3.Музыка Тақырыбы: «Мен бақшаға барамын» Мақсаты: Балалардың музыкаға деген сүйіспеншілігі мен қызығушылығын арттыру, адамгершілік сезімдерін тәрбиелеу. «Мен бақшаға барамын» Т.Тайбеков. Ф.Оңғарсынова. «Білім күні» М.Дауылбаев.Т.Ғалиев.	1.Сауат ашу негіздері Тақырыбы: «Дауысты және дауыссыз дыбыстар» Мақсаты: Дауысты және дауыссыз дыбыстардың негізгі ерекшеліктерімен таныстыру, дыбыстық талдау әрекетінің бастапқы қалпы туралы түсінік беру (қызыл түсті текше-дауысты, көк түсті текше-дауыссыз) Дыбыстарды дұрыс айтуға дағдылау. 2.Өзін-өзі тану Тақырыбы: «Өзін-өзі тану әлеміне саяхат» Мақсаты: «Өзін- өзі тану» пәні туралы алғашқы түсінік беру. Өзін-өзі тануға қызығушылықтарын арттыру, өзін және өзгелерді тануға тәрбиелеу. 3.Жапсыру Тақырыбы: «Көшедегі үйлер» Мақсаты:көп қабатты және бір қабатты үйлерге арналған бөлшектерді ретімен жапсыра білуге үйрету 4.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Спортзалда ойнаймыз» Мақсаты: Орташа шапшаңдықпен жүгіруге және жүгіру барысында бірқалыпты тыныс алуға үйрету. Заттар арасымен екі аяқпен ирелендеп секіруге жаттықтыру, еденнен екі аяқпен ширақ итеріле білу дағдыларын қалыптастыруды жалғастыру.	1.Қауіпсіз мінез-құлық негіздері Тақырыбы: «Мен кіммін?» Адам денесі» Мақсаты:балаларды адам дене құрылысымен таныстыру. Адамдардың бір-бірінен айырмашылығы болатынын түсіндіру. Дене мүшелерінің маңыздылығы туралы түсіндіру, білімдерін толықтыру. Өзін танып-білуге деген қызығушылықтарын дамыту. Өз дене мүшелерін дұрыс күте білуге тәрбиелеу 2.Көркем әдебиет Тақырыбы: «Білімнің –бұлағың» А.Шаяхметов. Мақсаты: Балабақша, мектепке барған балалардың қуанышты сәттерін әңгімелеу; «Білімнің-бұлағың» өлеңін үйретіп, сөздердің мағынасын түсіндіру; өлең арқылы білімді болуға тәрбиелеу. 3.Музыка Тақырыбы: «Мен бақшаға барамын» Мақсаты: Балалардың музыкаға деген сүйіспеншілігі мен қызығушылығын арттыру, адамгершілік сезімдерін тәрбиелеу. Әннің сөзін анық, дұрыс айтуға талпындыру. Музыканы тыңдау, есте сақтау, әнді айту, дауыстың биік және төмен ырғақтарын ажырату.
Серуенге дайындық	Өз бетімен киіну, сырмаларын, түймелерін қадау, бауларын салып қадағалау				
Серуен	Кешен.№1	Кешен.№2 1.Балалар мен бұлтты бақылау.	Кешен.№3 1.Балалар мен күзгі ағаштарды	Кешен.№4 1.Ауа-райын бақылау.	Кешен.№5 1.Жәндіктерді бақылау.

	1.Жылы жаққа қайтатын құстарды бақылау. Мақсаты:Күзде кейбір құстар жылы жаққа кететіндігін,аяздың қаттылығы оларға қиынға соғатындығын түсіндіру. 2.Қим.ойын: «Аттамақ» Мақсаты:Дене шынықтыру,шапшаңдыққа ,ептілікке тәрбиелеу. 3.Жеке жұмыс:Қыстап қалатын құстар туралы әңгімелесу. Мақсаты: Құстарды қамқорлауға тәрбиелеу. 4.Еңбек:Балабақша ауласындағы жапырақтарды жинау. 5. Өз еріктерімен ойнау.	Мақсаты:Бұлттың тізілуі жiне олардың түрлерiн.Шарпы,будак.қабатты бұлттарды ажырату. 2.Қим.ойын: «Соқыр теке» Мақсаты:Балаларды аңғарымпаздыққа тәрбиелеу. 3.Жеке жұмыс: Аспанға ұшар бу болып Жерге қайтар су болып. (Бұлт) 4.Еңбек: ауладағы гулдерді суару. Мақсаты:Балаларды қоршаған әлемге қамқорлықпен қарауға, табиғат әсемдігін сезіне білуге тәрбиелеу. 5.Дербес ойын: Өткеншектебу.Тартылғышта тартылу.	бақылау. Мақсаты:Балалардыңағаш туралы білімдерін бекіту.Сұрақ-жауап арқылы сөздік қорларын,ой-өрісін дамыту.Қоршаған ортаға деген сүйіспеншілігін арттыру.Адамгершілік сезімге тәрбиелеу. 2.Қим.ойын: «Кімге қандай құрал керек?» Мақсаты:Қандай жағдайда әр нәрсенің қажеттілігін блу мақсатында ойнату.Шапшаңдыққа баулу. 3.Жеке жұмыс: Орығыз ағаш көктемде, Жөн болар еңбек еткенің. Келмесе шамаң еккенге, Сындырма жұрттың екенің. 4.Балалар мен ауладағы қағаз қалдғын жинау. Мақсаты:Балаларды еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу. 5.Еркін ойы.	Мақсаты: Ауа-райын бақылай отырып,күз мезгілінің өзіне тән ерекшеліктерін көрсете сипаттау. 2.Қим.ойын: «Қасқыр мен қаздар» Мақсаты:топ болып ойнауға ,рөлдерді бөліп ойнауға қалыптастыру. 3.Жеке жұмысЕ.Өтетілеуов «Күшік» Мақсаты:Ү дыбысының айтылуына жаттықтыру.Тақпақты мәнерлеп айтуға үйрету. 4.Еңбек «Таза алаң» Мақсаты:Аула сыпырушыға көмектесу.Үлкендер еңбегін қадірлей білуге тәрбиелеу. 5.Өз бетімен ойнау. Өткеншек тебу.	Мақсаты:Күзде жәндіктер қысқа дайындалады?Мінендей құмысқаларды қарандаршы,өз азықтарын жинап еңбектеніп жатыр. 2.Қим.ойын: «Итеріспек» Мақсаты:Балаларды төзімділікке тәрбиелеу. 3.Жеке жұмыс:Тыйым сөздерді жаттату. Мақсаты: «Суға түкірме», «Нанды баспа», т.б сөздердің мағынасын айтып түсіндіру. 4.Еңбек:Біздің алаң. Мақсаты:Ауладағы жапырақты жинау.Балалардың еңбекке ынтасын арттыру. 5.Өз бетімен ойнау тығылыспақ.
Серуеннен оралу.	Балалардың реттілікпен киімдерін шешуі, дербес ойын әрекеті . Өр бала өз шкафын суреті бойынша тауып, киімдерін шешіп бүктеу керек екендігін қайталау. Қол жуу .				
Түскі ас	Балалардың назарын тағамға аудару ; мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс; әдеп ережесі.				
Түскі ұйқы	«Не дәмді?»ертегісін оқып беру. Мақсаты.Ертегіні тындап жатып балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату.	Әлди-әлди музыкамен ұйықтау Мақсаты. Баяу әуенмен ұйқыға жатқызу.	«Түлкі мен тырна ертегісін оқу Мақсаты.Ертегіні тындап жатыпбалалардың тыныш ұйықтауынажағымды жағдай орнату.	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау. Ұйқыға жатқызу. Балаларға ертегі оқып беру.	Әлди-әлди музыкамен ұйықтау Мақсаты. Баяу әуенмен ұйқыға жатқызу.
Біртіндеп ұйқыдан ояту,сауықтыру шаралары	Ұйқыдан ояту. Төсектерінде жатып аяқтарын көтеріп, қолдарын созып, керілу арқылы сергектендіру. Киімі мен аяқ киімдерін киюді, тәрбиешінің көмегімен өзін тәртіпке келтіре білуге үйрету.	Керуеттегі жаттығулар Ояну жаттығу	Балалар тұрып, қолдарын жоғары қарай көтереді. Түнге қарай батады- Балалар тізе бүгіп отырады.	Демалуды қалыпқа келтіру Тыныс алу жаттығу. Қолға шарды аламыз, Қатты, қатты үрлейміз. Уф-ф-ф, Уф-ф-ф... Қатты үрленген шарым	
Бесін ас	Тамақты ұқыпты ішу				
Ойындар дербес әрекет.	1.Вариативтік компонент «Биле,биле балақай Тақырыбы: «Орыс» биі Мақсаты: Балаларға би қимылдарын қайталатып, ерекшеліктерін түсіндіру, кеңістікті бағдарлай білуге үйрету. Балаларды өздері билейтін музыкасын тыңдап, музыка фазаларын, біліктерін	1.Күз туралы тақпақтар жаттату. 2. Д/о: «Не болар еді?». Мақсаты:Балаларға ойды ояқтауға үйрету..	Вариативтік компонент «Сықырлы әріптер» Тақырыбы: Айналамыздағы дыбыстар.Дыбыс. Мақсаты: Дыбыс туралы ұғымдарды түсіндіру. Сөздің дыбыстан құралатынын, дыбыстың дауысты, дауыссыз болып бөлінетіні жөнінде түсінік беру. Есту қабілетін жетілдіру.	1. Д/о: «Жануарды қоректендір» Мақсаты:Балаларды екі топқа бөліп жабайы және үй жануарың қоректендіреді. 2.Логикалық ауызша жұмбақтар шешу. Балалардың ойлау қабілеттерін дамыту.	1.Вариативтік компонент «Ойнада ойлан» Тақырыбы:Заттар белгілері(түсі, пішіні, өлшемі, қызметі, материалы) Мақсаты: Заттардың белгілерін анықтау іскерлігін тексеру; 2..Мультфильм қарау.

	ажыратуға, екпінін анықтауға үйрету. 2.Кітап бұрышындығы кітаптарды түптеу. Мақсаты:Балаларды еңбекке баулу.				
Баланың жеке даму картасына сәйкес жұмыс	Азиза балабақша туралы әңгімелесу. Қазақша сөйлеугек ызығушылығын арттыру	Өмір қарандаш ұстатып ,жазғызып үйрету. Ұқыпты , таза жазуға бейімдеу.	Ислам орыс тілінде тақпақ айтқызу. Орыс тіліне деген қызығушылығын арттыру.	Оқыған ертегіні Баяу әуенмен ұйқыға жатқызу Кәусар кері сұрау. Есте сақтау қабілетін дамыту.	Азиза табиғат бұрышындағы гүлдерді қосыттыру,шаңын сүртіп,су құйғызу.
Серуенге дайындық	Өз бетімен киінуін қадағалау				
Серуен	Қимылды ойын: «Кім жылдам » Мақсаты балаларды ептілікке,жылдамдыққа,шапшаңдыққа тәрбиелеу.				
Балалардың үйге қайтуы	Әңгімелесу«Тазалық-денсаулық кепілі» тақырыбында әңгімелесу				

Тексеру күні _____ 2021ж

Бекітемін: Қарабасова Г.А

Қазан айының І-апта 04.10 -8.10.2021 аралығындағы Мектепалды даярлық №3 «Ақ желкен» тобының күн тәртібіндегі тәрбие, ұйымдастырылған оқу қызметінің циклограммасы

Тәрбиеші: Мусина Г.А.

Өтпелі ай тақырыбы: «Менің отбасым»

Апта тақырыбы: «Менің туған өлкем»

Мақсаты: Балаларға өзінің туған өлкесіне деген қызығушылығын арттыру. Өз елін құрметтеуге үйрету.

Күн тәртібі		Дүйсенбі 04.10.2021ж	Сейсенбі 05.10.2021ж	Сәрсенбі 06.10.2021ж	Бейсенбі 07.10.2021ж	Жұма 08.10.2021ж
Балаларды қабылдау		Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы:отбасы,дәстүрлер туралы жеке әңгімелесу, қарым қатынас және көтеріңкі көңіл күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату.				
Ата-аналармен кенес,әңгімелесу		Балам өзім секілді, немесе өзім ойлағандай болады деп күтудің қажеті жоқ. Оған өзі секілді болуға көмектес.				
Ойындар. (үстел үсті, саусақ және т.б)		Фотосуреттер қарастыру «Менің отбасым». Фотосуретте бейнеленген отбасы мүшелерін атау»	Құрлыс ойындар «Балабақша шарбағын құрастыру» Құрылыс текшелерден балабақша шарбағын құрап ойнау.	Құрлыс ойындары «Үйшік құрастыр» Балалармен отбасы туралы әңгімелесу	Үстел үсті ойыны «Суретті құрап шық» Қиылған сурет бөліктерін ретімен құрау арқылы балабақша бейнесін жасау.	Үстел үсті ойыны «ретімен орналастыр» Отбасы мүшелерінің суреттерін, үлкенінен кішісіне дейін ретімен қойып шығу.
Таңертеңгі жаттығу		Дене шынықтыру нұсқаушысының жоспары бойынша				
Таңғы ас		Балаларға ас ішуге көмектесу, қасықты дұрыс ұстауға дағдыландыру, ұқыпты ішуге тәрбиелеу.				
ұйымдастырылған оқу қызметіне дайындық.		Санамқтар айтқызу. Бір дегенім- бесік, Шықтық содан өсіп. Екі дегенім-елім, Далам ,тауым ,көлім. Үш дегенім-үміт, Үміт артар жігіт. Төрт дегенім-төзім, Төзе білем өзім. Бес дегенім-бақыт, Бағалайтын уақыт.	Саусақ ойындар Қол ұстасып дөңгелеп Тұра қалдық екеуміз Өзіміз де дөңгелек Күнге ұқсайды екенбіз. (Дөңгеленіп қол ұстасады.Сұқ саусақтары мен бас бармақта рының ұшын бір біріне тигі зіп,дөңгелек күн жасаңдар)	Саусақ ойындар Бір үйде біз нешеуіміз? Кел, санайық екеуміз: Бас бармағым әкем Балан үйрек анам Ортан терек ағам Шылдыр шүмек мен, Кішкене бөбек сен. Бір үйде біз нешеуіміз? Бір үйде біз бесеуіміз!	Санамқтар айтқызу. Бір дегенім- бесік, Шықтық содан өсіп. Екі дегенім-елім, Далам ,тауым ,көлім. Үш дегенім-үміт, Үміт артар жігіт. Төрт дегенім-төзім, Төзе білем өзім. Бес дегенім-бақыт, Бағалайтын уақыт	« Қапшықтан неше ойыншық алдың?» ойыны. Мақсаты: Балаларға заттың санын қолмен сипалап білуді үйрету.

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰОҚ	1.Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Менің атам» Мақсаты: Өз отбасы туралы әңгіме құрастыра айтуды, сұрақтарға толық жауап беруді үйрету. Сөздік қорларын дамытып, отбасына деген мейірім сезімдеріне, үлкендерге құрмет көрсетуге тәрбиелеу. Дыбыстарды дұрыс айтуға дағдыландыру. Дыбыстық талдау жасау. 2.Жаратылыстану Тақырыбы: «Ағаштың бұтадан қандай айырмашылығы бар?» Мақсаты: Ағаш және бұталардың атауларымен таныстыру және олардың түрлерін бір-бірінен өзіне тән ерекшеліктеріне қарай (жапырағы, жемісі, діңі) айыра білуге үйрету. 3.Сурет салу Тақырыбы: «Жаңбырлы күн» (Акварель бояу) Мақсаты: балаларды табиғат құбылыстарын бақылай отырып өз сезімдерін бейнелей білуге үйрету, жаңбыр тамшыларын қағаз бетіндегі жазықтықты дұрыс пайдалана отырып түсіруге жаттықтыру.	1.Орыс тілі . Тема: «Что нам осень принесла?» Цель: Ввести активную речь слова про времена года-Осень .Научить составлять рассказ по картинке, образную речь. 2.Математика негіздері. Тақырыбы: «5,6 сандары және цифрлары» Мақсаты: 5 және 6 сандарының құрылымымен таныстыру. 5 және 6 цифрларын дұрыс тану мен бейнелеуге үйрету; зейінің ,есте сақтау, сөйлеу ,назар аудару дағдыларын дамыту. 3. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Қалай спортшы болуға болады?» Мақсаты: Екпінмен жүгіріп келіп, 25смбиіктікте ілінген затқа қолын жоғары көтеріп секіріп тигізуге үйрету;аяқты итерілу күші мен қолды сермеу кимыл-қозғалыстарын жетілдіру. 4.Мүсіндеу. Тақырыбы: «Күзгі жапырақтар» (Рельефті мүсіндеу) Мақсаты:балаларға күз туралы түсінік беру,күз айларын атауын меңгеру,мүсіндеудің жалпақтау,бедерлеу,шымшу дағдыларын қалыптастыру.	2.Сауат ашу негіздері Тақырыбы: «Лепті сөйлем» Мақсаты: Сөйлеммен таныстыру.Лепті сөйлемнің тыныс белгісімен айтылуы мағынасын түсіндіру. 1.Қоршаған ортамен танысу Тақырыбы: «Барлық мамандық қажет,барлық мамандық маңызды» Мақсаты: мамандық иелерінің жұмыстары жайлы жалпы мағұлмат беру,олардың пайдаланатын құрал-жабдықтары жайлы түсінік беру;мамандықтың жақсы деген қорытындыға келу. 3 . Музыка Тақырыбы: «Күз байлығы» Мақсаты:Музыкадағы бейнелерді ажыратуға,әннің сергек сипатын қыймылын бере білуге үйрету.	1.Сауат ашу негіздері Тақырыбы: «Дыбыс және әріп» Мақсаты: Сөздердің дыбысталуы формаларын ажырата білуге үйрету,дыбыс және әріп өзара айырмашылығы туралы түсінік қалыптастыру,белгіленуімен салыстыра білуге үйрету. 2.Өзін –өзі таныстыру Тақырыбы: «Менің туған күнім» Мақсаты:Жақсылық,қуаныш ұғымдары туралы түсінік беру,туған күн қуанышы туралы түсінік беру,өзара сыйластық сүйіспеншілік сезімдерін дамыту,сүйіспеншілікке тәрбиелеу. 3.Жапсыру Тақырыбы: «К үзгі жапырақтар» Мақсаты:қағазды қатпарлап бүктеу арқылы жапырақтың жиектерін иректеп киюды үйрету. 4.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Менің сүйікті жануарларым» Мақсаты: Өзін айнала бұрылып секіруге үйрету(аса жоғары емес).Аяқтарын бүгіп,екі ұшымен еденнен(жерден) итеріле білу шеберліктерін(машықтарын) дамыту.	2.Көркем әдебиет Тақырыбы: « Шаруа мен Аю»(орыс халық ертегісі) Мақсаты: ертегі мазмұнын жете түсіндіріп,оны тыңдауға қызығушылығын ояту.Өз ойын қиялымен ұштастыра отырып ,жағымды,жағымсыз кейіпкерлерді өздігінен ажырата білуге үйрету.Ертегі арқылы балаларды еңбекті сүйе білуге тәрбиелеу. 1.Қауіпсіз мінез –құлық негіздері Тақырыбы: «Қалай дұрыс тамақтану керек?» Мақсаты: азық –түлік сапасы оның түсіне ,ісіне,пішініне қарай ажырата білуді үйрету.Балаларды дұрыс тамақтану мәдениеті және ережелерімен таныстыру.Күнделікті кмірде дұрыс тамақтану ережелерін сақтауға баулу. 3.Музыка Тақырыбы: «Күз байлығы» Мақсаты:Музыкадағы бейнелерді ажыратуға ,әннің сергек сипатын қыймылмен бере білуге үйрету.
Серуенге дайындық		Балалардың киіну реттілігін бақылау,аяқ киімінің бауын байлауды қадағалау.Киімді шкафқа ретімен жинау.			

Серуендеу		Кешен.№1 1.Желді бақылау. Мақсаты:Балалардың жел туралы білімдерін бекіту,табиғат құбылыстарын бақылай білуге үйрету.сөздік қорларын,ой-өрісін дамыту. 2.Қим.Ойын: «Ақ коян» Мақсаты:Балаларды ептілікке,шапшаңдыққа тәрбиелеу. 3.Жеке-жұмыс:Көркем сөз. Желдет,желдет. Жеті қара дауылдат, Өрісін құлат,Баласын жылат.Тай терісін қалтырат. Науа-астауын жалтырат. 4.Еңбек:Аула сыпырушының еңбегін бақылау. Мақсаты:Адам еңбегін бағалау. 5.Ерікті ойын.	Кешен.№2 1.Жерде жатқан жапырақтарды бақылау. Мақсаты:Балалардың жапырақтар туралы білімдерін бекіту.Сұрақ жауап арқылы сөздік қорларын молайту.Ойлау,қиялдау қабілеттерін арттыру.Табиғат әсемлігін сезіне білуге тәрбиелеу. 2.Қим.ойын: «Орамал тастау» Мақсаты:Балаларды аңғарымпаздыққа тәрбиелеу. «Күз» өлеңін жаттау. Мақсаты: Балаларға күз ерекшелігі туралы түсінік беру. 4.Еңбек: Ауладағы жапырақтарды жинау. Мақсаты:Еңбкке баулу. 5.Дербес ойын. Өткеншектебу.Тартылғышта тартылу	Кешен.№3 1. Бұлтты бақылау Мақсаты: Балаларға бұлттың неге ұқсайтынын қай бағытқа көшіп жатқанын бақылатып әңгімелеу. 2.Еңбек: Учаскедегі шашылған ағаш бұтақтарын жинату. 3. Жеке жұмыс : «Бұлт» Қ. Өлімқұлов Түрленді дала, бау- бақша Құлпыра қалды тау жақта Қара бұлтты жел қуып Жөкеп берді аулаққа 4.Қимылды ойындар: «Кім шапшаң», Мақсаты:ептілікке тәрбиелеу. 5.Балалардың өз еріктерімен жасалатын іс-әрекеттері	Кешен.№4 1.Жәндіктерді бақылау Мақсаты: Күзде жылы жаққа ұшқан құстарды бақылату. 2.Еңбек: Бөлме гүлдерін суару. Мақсаты:баптауға тәрбиелеу. 3.Балалармен жеке жұмыс: «Қарлығаш» Мақсаты:Тілін жаттықтыру. 4.Қимылды ойындар: «Құс болып ұшамыз» Мақсаты: Шапшаңдыққа тәрбиелеу. 5.Балалардың өз еріктерімен жасалатын іс-әрекеттері	Кешен.№5 1.Құмдағы іздерді бақылау. Мақсаты: Учаскелердегі құмдағы іздердің кімнің ізі екенін айыра білуге үйрету. Өз іздерін бір-бірімен салыстыру. 2.Еңбек: Құм салғыштағы құмды күрекшелерімен көтеру. 3.Балалармен жеке жұмыс: «Санамақ айту» Бөрік тіктім Он ойланып Тоғыз толғанып, Сегіз рет сызып, Жеті рет бұзып. Алты рет қарап, Бес рет санап, Төрт рет қадап. Үш тал үкі тағып, Екі қолым талып.. 4.Қимылды ойындар: «Тышқан мен мысық» 5.Еркін ойын.
Серуеннен оралу		Балалардың реттілікпен киімдерін шешіп, жинастыруы, қолдарын жуу . Балалардың мәдени-гигиеналық дағдыларын дамыту,тамақтану мәдениетін қалыптастыру.Өз-өзіне қызмет ету дағдыларын жетілдіру.»Бата беру»»Ас қайтару»дәстүрлерін үйрету.				
Түскі ас		Жасамас үшін ағаттық, Тында ақылды,қабылдап. Алдында ішер тамақтың, Қолынды жу сабындап.	Нанда өмірдің иісі мен дәмі бар Нанда адамның еңбегі бар Нан өмірдің ана сүті арқауы Нансыз жерде қай өмірдің сәні бар	Нандай жоқ қой асыл дәм Жеп үйренген жасыңнан Дастарқанан нан кетсе Береке кетер асыңнан.	Нан –ардақты адал ас, Кәрі-жас одан аттамас Нандай жоқ қой асыл дән.	Нанды кім қорлайды, Аштықтан сол сорлайды.
Түскі ұйқы		Әлди-әлди музыкамен ұйықтау. Баяу әуенмен ұйқыға жатқызу.	«Ақымақ қасқыр»ертегісін оқып беру Мақсаты.Ертегіні тындап жатып балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату.	«Көкек»ертегісін оқып беру Мақсаты.Ертегіні тындап жатып балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату.	Әлди-әлди музыкамен ұйықтау. Баяу әуенмен ұйқыға жатқызу.	Әлди-әлди музыкамен ұйықтау. Баяу әуенмен ұйқыға жатқызу.
Біртіндеп ұйқыдан ояту, шынықтыру шаралары.		Керует жанындағы жаттығулар керіліп- созылулар, жуыну шараларын жалғастыру	Керуеттегі жаттығулар Көзімізді ашайық Аунап, қунап алайық , Ұйқымызды ашайық «Жел бұлттарды айдайды» - тізені құшақтап жату. Аяқты құшақтап денемен адына-артына тербелу.	Керует жанындағы жаттығулар Бойымызды жазайық. Қолымызды созайық Жаттығулар жасайық, Ұйқымызды ашайық	Шынықтыру шарасы. Әдемі ирек жолдармен Лақтарша біз ойнақтап Тастан-тасқа секіріп Жалаң аяқ жүреміз. Табанға біз нүктелі Массаж жасау білеміз. Арнайы жолдармен жүру.	Демалуды қалыпқа келтіру Демді қалыпқа келтіру. Қол ұстасып тұрайық, Шеңберді біз құрайық, Көріскенше күн жақсы Сау саламат болайық
Бесін ас		Балалардың назарын тағамға аудару,мәдениетті тамақтануға баулу.				

Ойындар, дербес әрекет Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс		1.Вариативтік компонент: «Биле,биле, балақай! Тақырыбы: « Қол шатыр»биі Мақсаты: Балаларды биді түсініп қабылдау талғампаздығына тәрбиелеу, эстетикалық сезімталдығын қалыптастыру. қимылдарымен таныстыру.Балалар би үстінде кеңістік бағдарлап тепе-теңдік сақтауды үйрету. Музыкалық-ырғақты қимылдарды әуенге сай орындауға үйрету.Балаларға би қимылдарын тез, әдемі, ырғақты орындауын қадағалау.	Сюжетті рольді ойын: «Отбасы» Мақсаты: Отбасы мүшелерін білу, олардың отбасында атқаратын қызметін үйрету.	Вариативтік компонент «Сикырлы әріптер» Тақырыбы: «А а дыбысы және әрпі» Мақсаты: А. дыбысын заттар атауынан тауып антуға, Сөздерді дыбыстық талдау жасауға ,Үздік сызықтарды қосу арқылы қол қимылын жаттықтыру.	Құрылыс ойындар: Кім жылдам құрастырады?»Мақсаты: балаларды шапшаңдыққа тәрбиелеу. 2.Табиғат бұрышындығы гүлдерді суару, қопсытып –шаңын сүрту.	Вариативтік компонент : Ойлан тап Тақырыбы: 3. саны және цифры.4.саны және цифры. Мақсаты: 3және 4 саны және цифрын таныстыру; цифрмен заттың санын сәкестендіруге, санауға үйрету; 3және 4 санын тану және бейнелеуге үйрету. Логикалық ойлау, есте сақтау қабілетін дамыту. Эстетикалық тәрбие беру. Логикалық ойлау, есте сақтау қабілетін дамыту. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.
		Жеке жұмыс:Алдиярға өзі, отбасы мүшелері, сүйікті ойыншықтары жайлы сұрақтарға жауап беру дағдысын меңгерту	Жеке жұмыс:Айзада Әңгімеле...«менің отбасым» Өздерінің отбасылары туралы 3-4 сөйлеммен әңгімелеп айту	Жеке жұмыс:Ислам мәдени-гигиеналық дағдыларды орындауды жалғастыр (жеңіл жүру, жүгіру, секіру қимылдарын дамыту	Жеке жұмыс:Раяна «Апам үшін» деген өлеңді түсініп, есте сақтауға үйрету	Жеке жұмыс:Амір 3-5 сөзден тұратын тіркестермен, сөйлемдермен сөйлеуге, акпараттармен бөлісуге үйрету;
Серуенге дайындық		Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды , киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау				
Серуен		Қойын: «Мені қуып жетіндер» Мақсаты: балаларды шапшаңдыққа, тез қимылдауға баулу.				
Балалардың үйге қайтуы.		« Кеңес психолог» Топтағы жеке баламен жұмыс жүргізу.				

Тексеру күні ----- 2021ж

Бекітемін: Қарабасова Г.А

Қазан айының II апта 11-15 аралығындағы мектепалды даярлық №3 «Ақ желкен» тобының күн тәртібіндегі тәрбие, ұйымдастырылған оқу қызметінің циклограммасы

Тәрбиеші: Мусина Г.А

Өтпелі ай тақырыбы: «Менің отбасым»

Апталық тақырыбы: «Отбасы және құндылық»

Мақсаты: Балалардың отбасы туралы түсініктерін қалыптастыра отырып, отбасы мүшелерін атап, олар туралы айтуға және жақсы көруге үйрету; туыстық байланыс туралы түсініктерін дамыту.

Күн тәртібі		Дүйсенбі 11.10.2021ж	Сейсенбі 12.10.2021ж	Сәрсенбі 13.10.2021ж	Бейсенбі 14.10.2021ж	Жұма 15.10.2021ж
Балаларды қабылдау		Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: отбасы, дәстүрлер туралы жеке әңгімелесу, қарым қатынас және көтеріңкі көңіл күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату.				
Ата-аналармен кеңес, әңгімелесу		Тазалыққа мән берілу керек екендігі туралы әңгімелесу				
Ойындар. (үстел үсті, саусақ және т.б.)		«Біздің топтағы гүлдер» үстел үсті ойыны. Мақсаты: Болме гүлдерімен және оны күтудің ережелерімен таныстыру.	Саусақ ойындары «Әжемнің ертегілері». Мақсаты: Саусақ театры кейіпкерлерімен ертегі құрастырып айту.	Құрылыс ойындары «Үй жиһаздары» Мақсаты: Кірпіштерден үй жиһаздарын құрастыру.	Дидактикалық ойындар «Не қайда тұрады?» Мақсаты: Балаларға әр затты, өз орнына қоюды үйрету. Ұқыптылыққа, тиянақтылыққа тәрбиелеу.	Д/о: «Қай зат кімдікі?» Мақсаты: Кімнің пайдаланатын заттары екенін ажыратуға үйрету.
Таңертеңгі жаттығу		Дене шынықтыру нұсқаушысының жоспары бойынша				
Таңғы ас		Балаларға ас ішуге көмектесу, қасықты дұрыс ұстауға дағдыландыру, ұқыпты ішуге тәрбиелеу.				
ұйымдастырылған оқу қызметіне дайындық.		Сөздік ойын: «Дауысынан таны» Мақсаты: Балаларды достарын, дауысынан танып білуге үйрету. Достықтарын нығайту.	«Қоянға көмектес.» Ойын мақсаты: Заттарды санауға және олардың екі тобын салыстырып, өлшеміне, пішініне және түстеріне қарай ажыратуға үрету.	«Бұл қай кезде болады?» (үстеу) Ойынның мақсаты: Балалармен тәулік бөліктерін бекіту (таңертең, күндіз, кеш, түн)	«Сөзді айтуға көмектес» Ойынның мақсаты: Сөздерді толық әрі дұрыс айтуға үйрету.	«Бұл қай кезде болады?» Ойынның мақсаты: жыл мезгілдері және табиғат құбылыстары туралы түсініктерін арттыру
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰОҚ		1. Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Қорыққанға қос көрінеді» ертегі Мақсаты: Г, К дыбыстарымен таныстыру. «Белгілі дыбысқа сөз таңда» Д/о ойнату арқылы балалардың сөздік қорын молайту. Зейінділікке, шапшаңдыққа үйрету. Ертегімен таныстыра отырып, мазмұнын әңгімелеу. 2. Жаратылыстану Тақырыбы: «Біздің өлкемізде қандай жануарлар тіршілік етеді?» Мақсаты: Жабайы аңдардың тіршілігі жайлы түсінікті кеңейту. Жануарлардың сырт келбеті мен жылдың әр мезгіліндегі тіршілік ету	1. Орыс тілі Тема: «Выросли на грядке» Цель: Ввести в активную речь детей названия овощей и употребить их в игровых ситуациях. 3. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Допты ойнап, көңілді көтер!» Мақсаты: Допты жоғары лақтырып, еденге түсіп, қайтадан ыршыған допты екі қолмен қағып алуды үйретуді жалғастыру, саусақтарды ашып, допты қағып алу шеберліктерін (машықарын) дамыту. 2. Мүсіндеу. Тақырыбы: «Жаңғақ кемірген тиін»	1. Сауат ашу негіздері Тақырыбы: «А а дыбысы және әрпі» Мақсаты: А дыбысы және әрпімен таныстыру. Сөздегі дыбыстардың (дауысты, дауыссыз, жуан, жіңішке) ажыратып дұрыс 2. Құрастыру Тақырыбы: «Жәндіктер» Мақсаты: Табиғи материалдармен жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру, кепкен жапырақтарды пайдаланып әртүрлі жәндіктерді бейнелеуге үйретуде ептілікке, икемділікке баулу, ұқыптылыққа, еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу.	1. Сауат ашу негіздері Тақырыбы: «Н ыдыбысы мен әрпі» Мақсаты: Н дыбысы және әрпімен таныстыру. Тілдің дыбыстарын естіп қабылдау, оларды сөздер ішінен бөлу және сөзсіз жеке айту. жолын, жоғаралық. 2. Өзін-өзі тану. Тақырыбы: «Менің сезімдерім» Мақсаты: Адамның сезімдері, оның адамға тигізетін әсері туралы түсінік беру, адамның сезімдері туралы түсінік беру, бала бойындағы жақсы қасиеттерін дамыту, сүйіспеншілікке тәрбиелеу. 3. Жаспыру. Тақырыбы: «Бұлттар» Мақсаты: балаларға қағазды	1. Көркем әдебиет Тақырыбы: «Менің ойыншықтарым» Мақсаты: Өленді оқи отырып, сөздердің мағыналарын түсіндіру. Өлең мазмұнын айтқызу ойыншыққа деген қамқорлық, сүйіспеншілік, аяушылық сезімін ояту. 2. Математика негіздері. Тақырыбы: «7, 8, 9 сандары және цифрлары» Мақсаты: 7, 8, 9 сандарының құрылуымен және 7, 8, 9 цифрларымен таныстыру, цифрды заттардың санымен сәйкестендіруді үйрету; заттарды санау дағдыларын дамыту; Есте сақтау, сөйлеу, назар аудару дағдылары.

		ерекшеліктерін ажыратып, сипаттай білуге үйрету. 3.Музыка Тақырыбы: «Күзгі орман» Мақсаты: Музыкаға деген тұрақты ынтаны және сүйіспеншілікті тәрбиелеу. «Күз тамаша» Л.Мұқашева. «Күз суреті» А.Досмамбет. М.Неталиев	Мақсаты: Тиін, тиіннің тіршілігі туралы түсінік беру; тиіннің мүсінін жасай білуге, дене бөліктерін біріктіріп қосу, шымшып қысу, дөңестеу тәсілдерін үйрету; саусақ моторикасын жақсарту. Баланың ойын, тілін, шығармашылық қабілеті, көркемдік талғамын дамыту. Ұқыпты жұмыс істеуге, бір-біріне	3. Сурет салу Тақырыбы: «Қоржынды сәңдейміз» <i>(Түрлі түсті қарындаштар)</i> Мақсаты: қазақтың үй бұйымы – қоржынмен таныстыру, қоржын туралы білімдерін одан әрі жетілдіру 4.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Біз әртүрліміз» Мақсаты: Жерде созылып жатқан арқан үстінде бір бүйірмен динамикалық тепе-теңдікті сақтап жүруге үйретуді жалғастыру	жырту әдісін қолданып, бұлттың бейнесін жасауға үйрету 4.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Дене қаблеттерін дамыту» Мақсаты: Беті сүргіленген бөрененіңүстімен оң-сол жанына қарай қырындап жкріп өтуде тепе-тендік саөтауға үйрете түсіу-дене ақауларының алдын алу.Бір-бірденгізбектеп жүгіру кезінде аяқтары менқолдарының қыймылын үйлестіруге жаттығу.	3. Музыка Тақырыбы: «Күзгі орман» Мақсаты: Музыкаға деген тұрақты ынтаны және сүйіспеншілікті тәрбиелеу, сезімдік ықыласын ,ладтағы дыбыстарын биіктігін
Серуенге дайындық		Балалардың киіну реттілігін бақылау,аяқ киімінің бауын байлауды қадағалау.Киімді шкафқа ретімен жинау.				
Серуендеу		Кешен.№1 1.Күзгі ауа-райындағы өзгерістерді бақылау. Мақсаты:Балаларға күз мезгілі туралы әңгімелеу. Күзгі ауа-райын жазғы ауа-райымен салыстыру,күздегі өзгерістерді айтқызу. 2.Еңбек: Құм салғыштың айналасындағы құмдарды күрекшемен жинату. 3.Балалармен жеке жұмыс: «Көкөністер» туралы тақпақ айтқызу Жел тынымсыз гуілдеп Болып кетті тым бұзық Шуылдайды тал терек Жапырағын жұлғызып 4.Қимылды ойындар: «Ұшты — ұшты» 5.Балалардың өз еріктерімен жасалатын іс-әрекеттері	Кешен.№2 1.Күзгі ағаштардың жапырақтарының түстерін бақылау Мақсаты: Күзгі жапырақтар туралы әңгімелер айту, түстерін айтқызу. 2.Еңбек: Учаскедегі күзгі жапырақтарды бір жерге жинау. 3.Балалармен жеке жұмыс: «Күзгі жапырақтар» туралы оқу(Қ.Шарғытбасев) Алтын, сары, қызыл, көк Алуан-алуан жапырақ Күзгі бақта күлімдеп Көз тартады атырап 4.Қимылды ойындар: «Жапырақ жинау» мақсаты:Тазалыққа тірбиелеу. 5.Дербес ойын. Өткеншектебу.Тартылғышта тартылу	Кешен.№3 1.«Тұманды бақылау» Мақсаты: Табиғат құбылыстарын атату. Соның ішінде бүгінгі ауа-райының өзгерісі тұманды бақылату. Ашық және тұманды күннің ерекшеліктерін салыстыру. 2.Еңбек: Жапырақтардан әртүрлі бейнелер құрастырту. 3.Балалармен жеке жұмыс: Танысқан дыбыстар бойынша сөздер ойлату. 4.Қимылды ойындар: «Кетіп қалған кім?», Мақсаты: Рөлдерде ойнай білуге үйрету.Байкампаздыққа, кеңістікті бағдарлауға үйрету. 5.Еркін ойын.	Кешен.№4 1.«Күзгі құстардың тіршілігін бақылау» Мақсаты: Балаларға құстардың күзгі тіршілігін бақылату. Олардың іс-әрекеттері туралы әңгімелеу.Күзгі құстардың дауысын тыңдау.Құстардың атын атап, еске сақтау қабілеттерін, тілдерін дамыту. 2.Еңбек: Құстарға жем беру. Мақсаты:Өз қолдарымен шашпай құстарға жем беру. 3.Балалармен жеке жұмыс: С.Сейфуллиннің «Бозторғай» өлеңін оқу. Міне торғай Үйін қорғай Жер бауырлап зырлайды Шырқап биік Күнге күйіп Қалмай, сайрап жырлайды 4.Қимылды ойындар: «Сұр қоян жуынады» Мақсаты:Қимылды дұрыс орындай білуге үйрету. Балалардың өз еріктерімен жасалатын іс-әрекеттері	Кешен.№5 1.«Күзгі желдің бағытын бақылау» Мақсаты: Балаларға желдің қай бағытта соғып тұрғанын,қандай леп арқылы соғып тұрғаны жөнінде жалпы түсінік беру.Балалардың ойлау, есте сақтау, көру қабілеттерін арттыру. 2.Еңбек: Балаларға желдің бағытымен ұшқан күзгі жапырақтарды жинату. 4.Балалармен жеке жұмыс: Күз мезгіліне байланысты көркем сөз жаттату. Көк майса,көрікті Алқаптағы көк егін Бұл күндері кейіпті , Сары жібек көйлегін Жел тынымсыз гуілдеп Болып кетті тым бұзық Шуылдайды тал, терек Жапырағын жұлғызып. 4.Қимылды ойындар: «Кім жылдам». Мақсаты.Шапшандыққа,ептілікке тәрбиелеу. 5.Дербес ойын .Өткеншектебу.Тартылғышта тартылу
Серуеннен оралу		Балалардың реттілікпен киімдерін шешіп, жинастыруы, қолдарын жуу .				
		Балалардың мәдени-гигиеналық дағдыларын дамыту,тамақтану мәдениетін қалыптастыру.Өз-өзіне қызмет ету дағдыларын жетілдіру.»Бата беру»»Ас қайтару»дәстүрлерін үйрету.				

Түскі ас		Асын асын асына, Береке берсін басына, Денсаулығын зор болсын Дастарханын мол болсын.	Тамақтанып отырған сөйлеуімеу,асықпай жеуге үйрету.	Ас қайыру.Бірлік берсін басыңа, Береке берсін асыңа. Әумин.	Нан –ардақты адал ас, Кәрі-жас одан аттамас Наңдай жоқ қой асыл дән.	Наңды кім қорлайды, Аштықтан сол сорлайды.
Түскі ұйқы		Әлди-әлди музыкамен ұйықтау. Баяу әуенмен ұйқыға жатқызу.	«Қасқыр мен жеті лақ»ертегісін оқып беру. Мақсаты.Ертегіні тындап жатып балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату.	«Қолғап»ертегісін оқып беру Мақсаты.Ертегіні тындап жатып балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату.	Әлди-әлди музыкамен ұйықтау. Баяу әуенмен ұйқыға жатқызу.	Әлди-әлди музыкамен ұйықтау. Баяу әуенмен ұйқыға жатқызу.
Біртіндеп ұйқыдан ояту, шынықтыру шаралары.		Мәдени-гигиеналық дағдыларды орындау.	Ояндық па бәріміз? Бір-бірімізге қараймыз. Күлімдейміз бәріміз.	Кереуетте отырып .Жоғары, төмен қараңдар. Солға иілу, оңға иілу Алға қарай еңкею.	Қолды көтеріп, керіл. Алға қарай еңкейіп,Иілеміз төмен.	Балалар төсекте, арқаға жатып, қолын жанына созу, демдерін бірнеше секунд іште ұстап, еркін.
Бесін ас		Балалардың назарын тағамға аудару,мәдениетті тамақтануға баулу.				
Ойындар, дербес әрекет		1.Вариативтік компонент: «Биле,биле,балақай!» Тақырыбы: «Қол шатыр» биі , «Жапырақтар »биі Мақсаты: Балаларға үйренген билерін еске түсіріп, қайталатып, шығармашылық қабілеттерін арттыру. Балалардың қызығушылығын арттырып, жаңа «Жапырақтар» биінің әуенін тыңдатып, кимылдарын көрсетіп, биді сезіммен жеткізуді үйрету. 2.«Менің көшем» әңгімелесу Мақсаты: Көше туралы түсініктерін қалыптастыру	1.Жай қимылды ойын: «Бағдаршам» Мақсаты:Түстерді ажырата білуге , жолда жүру ережесін есте сақтай білуге үйрету. 2.С р ойын: «Шаштараз» Мақсаты: «балаларды шаштараз мамандығына қызығушылық таныту.	Вариативтік компанент «Сықрылы әріптер» Тақырыбы:«Н н дыбысы және әрпі» Мақсаты: Н дыбысын сөз ішінде дұрыс оқуға жаттықтыру, мақал-мәтел айтуға, оның мазмұнын ашып түсінуге, сонымен қатар қандай? сұрағына дұрыс жауап беруіне үйрету, адамгершілік тәрбие беру, сауатты жазу және оқуға дағдыландыру	1«Әдемі жолдар» Мақсаты: Ойын арқылы ой-өрісін, есте сақтау қабілетін дамыту. 2. Ойыншық сурелерін жинау. Мақсаты: еңбекке баулу	Вариативтік компонен «Ойлан тап » Тақырыбы:5. саны және цифры.6.саны және цифры. Мақсаты:5 және 6 сандары және цифрларын таныстыру; цифрлармен заттың санын сәкестендіруге, санауға, реттік санауға үйрету; 5 және 6 сандарын тану және бейнелеуге үйрету. Логикалық ойлау, есте сақтау қабілетін дамыту. Эстетикалық тәрбие беру.5-6 сандары мен цифрларын енгізу, цифрларды заттың санымен сәйкестендіреді, 1-ді қосу арқылы сан шығарып алу туралы түсінікті қалыптастыру. Балалардың зейінін кеңістікте ойлау, есте сақтау қабілетін дамыту. Жинақылыққа тәрбиелеу
Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс		Амiрге тәулік бөліктерiн суретке қарап сұрау. Мақсаты:Суретпен жұмыс жасауға қызығушылығын арттыру.	Исламға тiлдiк жаттығу орындату. Са-са-са ызылдайды маса Ша-ша-ша бұл шана Мақсаты:Баланың тiлiн дамыту.	АлдиярБ Тiл» мерекесiне арналған тақпағын сұрау. Мақсаты:тақпақты мәнepлeп айтуға жаттықтыру.	Кәусарға еркін тақырыпта сурет салғызу. Мақсаты:Баланың шығармашылыққа деген қызығушылыққа баулу.	Ислам«Бауырсақ» ертегісі кейіпкерлерін сұрау. Мақсаты:Баланың ертегі кейіпкерлеріне деген қызығушылығын арттыру.
Серуенге дайындық		Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды , киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау				
Серуен		Қ\ойын: «Мені қуып жетіндер» Мақсаты: балаларды шапшаңдыққа, тез қимылдауға баулу.				

Тексеру күні _____ 2021ж

Бекітемін: Қарабасова Г А

Қазан айының ІІІ-апта 18.10 -22.10.2021 аралығындағы Мектепалды даярлық №3 «Ақ желкен» тобының күн тәртібіндегі тәрбие, ұйымдастырылған оқу қызметінің циклограммасы

Тәрбиеші: Мусина Г.А.

Өтпелі ай тақырыбы: «Менің отбасым»

Апта тақырыбы: «Ата-ана еңбегі»

Мақсаты: Балалардың белсенді қимыл әрекеттерін ұйымдастыру, ересектермен еркін қарым –қатынас жасау дағдыларын дамыту. Еңбексүйгіштікке, еңбек адамдарына деген құрмет сезімдерін білдіруге тәрбиелеу.

Күн тәртібі		Дүйсенбі 18.10.2021ж	Сейсенбі 19.10.2021ж	Сәрсенбі 20.10.2021ж	Бейсенбі 21.10.2021ж	Жұма 22.10.2021ж
Балаларды қабылдау		Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы:отбасы,дәстүрлер туралы жеке әңгімелесу, қарым қатынас және көтеріңкі көңіл күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату.				
Ата-аналармен кенес,әңгімелесу		Балабақшамен ата-ана арасындағы қарым-қатынасты күшейте отырып,отбасында балаға ата-ананың ықпалын арттыру.				
Ойындар. (үстел үсті, саусақ және т.б)		Дидактикалық ойын: « Мені қайтала». Мақсаты:ересектердің сөзін қайталай отырып, сөздік қорын молайту, тілін жаттықтыру	«Көңілді аңдар» музыкалық ойын жаттығуы Мақсаты:әуенді тыңдай отырып, аңдардың қимылын жасау.	« Достық» саусақ ойын жаттығуы Мақсаты:балалардың саусақ моторикасын дамыту, ересектің айтуы бойынша қимылдар жасауға үйрету	Ғажайып қалта» ойын жаттығуы Мақсаты:ойыншықтардың атын атай білуге үйрету, ойыншықтар туралы түсінігін кеңейту	Үстел үсті ойыны: «Құрастыр» . Мақсаты:конструкторларды бір-біріне үстінен және жанынан біріктіре білуге үйрету
Таңертеңгі жаттығу		Дене шынықтыру нұсқаушысының жоспары бойынша				
Таңғы ас		Балаларға ас ішуге көмектесу, қасықты дұрыс ұстауға дағдыландыру, ұқыпты ішуге тәрбиелеу.				
ұйымдастырылған оқу қызметіне дайындық.		Құрылыс ойыны: «Менің көшем» Мақсаты: балалардың ой-қиялын дамыту, құрылыс материалдарын ұалай пайдалану керектігін меңгеру	«Кім,не біледі?»Дидактикалық ойын: Мақсаты:балаларға күз туралы қойған сұрағына жауап беріп,кім тез жауап берсе сол бала жеңімпаз болады.	Дидактикалық ойын: «Дұрыс ата» Мақсаты:Гүлдердің атын атайды, түстерін айырады.	Дидактикалық ойын: «Жеміс пе, көкөніс пе?»М/ты:балаларға жеміс пен көкөністерді топтастыруды үйрету, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.	Қимылды ойын: : «Ұшты Ұшты» Мақсаты:Балаларға ненің ұшатынын ,ненің ұшпайтындығын, аңғарымпаздыққа тәрбиелеу
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰОҚ		1. Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Отбасының күзгі еңбегі» Мақсаты:Күз мезгілінің ерекшеліктерін сезінуге,әңгімелеп айтып бере білуге дағдыландыруғітілін дамыту,сөздік қорын молайту.Ойлау ,есте сақтау қабілеттерін жетілдіру.Іс қимыл әрекетті білдіретін сөздерді (жинады,тазартты)айтуға үйрету. 2.Жаратылыстану	1.Орыс-тілі. Тема: «Поспели на дереве» Цель: вести в активную речь детей названия фруктов. Обогащать словарный запас новыми выражениями, активизировать их в употреблении речи детей на русском языке. 4.Мүсіндеу. Тақырыбы: «Үйрек» Мақсаты: ермексазбен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру.Үйректі өзіндік, құсқа тән ерекшелігін келтіре отырып мүсіндеу, мүсіндеудің шымшу,есу, басу,тегістеу тісілдеріне жаттықтыру.Көркемдік	2.Сауат ашу негіздері. Тақырыбы: «Лл дыбысы мен әрпі» Мақсаты: Л дыбысы және әрпімен таныстыру.Сөздегі дыбыстардың(дауысты дауыссыз,жуан,жіңішке)ажырата тып дұрыс дыбыстау.Суретті кітаптардан ақпаратты табу.Сөз,сөйлем сызбасын құру. 1.Қоршаған ортамен танысу. Тақырыбы: «Менің Отаным – Қазақстан» Мақсаты: Балаларға өз отаны жөнінде түсінік беру.ӨР президенті туралы	1.Сауат ашу негіздері. Тақырыбы: «Рр дыбысы мен әрпі» Мақсаты: Р дыбысы және әрпімен таныстыру.Сөздегі дыбыстардың(дауысты дауыссыз,жуан,жіңішке)ажыратып дұрыс дыбыстау.Суретті кітаптардан ақпаратты табу.Сөз,сөйлем сызбасын құру. 2.Өзін-өзі тану Тақырыбы: «Мен қамқор баламын» Мақсаты: «Қомқорлық»ұғмымының адамгершілік құндылық ретіндегі мінін ашу, қамқорлық туралы түсінік беру, қамқорлық жасай білу дағдыларын дамыту.	1.Қауіпсіз мінез құлық негіздері Тақырыбы: «Табиғат-тіршілік нәрі» Мақсаты: балалаға табиғат жәйлі түсінік беру.Табиғат саясындағы жанды ,жансыззаттарға қамқорлық жасауғабаулу. 2.Көркем әдебиет Тақырыбы: «Менің елімнің рәміздері»(өлеңді жаттау)Нұрлан Қалқа Мақсаты:Өлеңді дауыс ырғағынқелтнре оқу,мазмұнын ашу.Балаларды еліміздің рәміздерін қастерлеуге,туған жерін,Отаның сүюге тәрбиелеу. 3.Музыка Тақырыбы: «Күзгі серуен»

		Тақырыбы: « Барлық ағаштардың жапырағы түсе ме?» Мақсаты:Күзгі табиғаттағы маусымдық өзгерістерді бақылап,бір бірінен ажырата білуге үйрету.Балалардың табиғатқа қатысты қарапайым білімдерін күшейтіп,табиғатпен қатынас жасау. 3. Сурет салу Тақырыбы: «Автобус» (Түрлі түсті қарандаштар) Мақсаты:Төртбұрыш пішіндегі бірнеше заттардың көлеміндегі айырмашылықты көре білу,түрлі түсті бояудың көмегімен геометриялық пішіндерді пайдаланып автобустың суретін салуды үйрету.	талғамдарын,қиялдарын,ойлау қабілеттерін,саусақ қимылдарын дамыту. 3. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Зейінді баламыз» Мақсаты: Өздерінің зейіндерігн шоғырландыра алу шеберліктерін(машықтарын)қалыпт астыруды,қимыл-қозғалыс үйлесімдіктерін дамыту. 2. Математика негіздері Тақырыбы: «10 саны» Мақсаты: 0 және 10 санымен және олардың жазылуымен таныстыру. Заттарды ретімен санау, тура және кері санау дағдыларын жетілдіру; 10 санын дұрыс тануға 1 және 0 цифрларымен бейнелеуге үйрету;	түсіндіру,таныстыру.Өз туған еліне ,жерінедеген сүйіспеншілікті нығайту. 3.Музыка. Тақырыбы: «Күзгі серуен» Мақсаты:Лирикалық сипаттағы Әндерді орташа екпінмен айтуға үйрету.Музыканың мазмұнын түсіну.	3.Жапсыру Тақырыбы: «Айдарлы әтеш» Мақсаты:әтештің жасалу жолын ретімен үйлестіре білуге үйрету. 4.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Бірінші бол!» Мақсаты: Қолды еркін қозғап, жүргізушімен бағытты өзгертіп ,баяу қарқынмен жүгіртуді үйрету.	Мақсаты:Лирикалық сипаттағы Әндерді орташа екпінмен айтуға үйрету.Музыканың мазмұнын түсіну,сту қабілеті мен дауысты жетілдіру.
Серуенге дайындық		Балалардың киіну реттілігін бақылау,аяқ киімінің бауын байлауды қадағалау.Киімді шкафқа ретімен жинау.				
Серуендеу		Кешен.№1 1.«Күзгі құстардың тіршілігін бақылау» Мақсаты: Балаларға құстардың күзгі тіршілігін бақылату. Олардың іс-әрекеттері туралы әңгімелеу.Күзгі құстардың дауысын тыңдау.Құстардың атын атап, еске сақтау қабілеттерін, тілдерін дамыту. 2.Еңбек: Құстарға жем беру. 3.Балалармен жеке жұмыс: С.Сейфуллиннің «Бозторғай» өлеңін оқу. Міне торғай Үйін қорғай Жер бауырлап зырлайды Шырқап биік Күнге күйіп 4.Қалмай, сайрап жырлайды Қимылды ойындар: «Сұр қоян жуынады»	Кешен.№2 1.«Солып қалған гүлдерді бақылау» Мақсаты: Балаларды күз мезгілінің ерекшеліктерімен таныстырып өтіп, балабақша ауласындағы күзгі гүлдерге назар аударту.Жазғы гүлдер мен күзгі гүлдердің ерекшеліктері, айырмашылықтары туралы әңгімелеу. 2.Еңбек: Қурап қалған гүлдердің тұқымдарын жинау. 3.Балалармен жеке жұмыс: Такпақ жаттау. Арасында гүлдің, Ойнап бүгін жүрдім. Қызыл,жасыл,сары, Өп-әдемі бәрі. 4.Қимылды ойындар: «Абай бол» Мақсаты: Ептілікке,төзімділікке тәрбиелеу. 5.Еркін ойындар.	Кешен.№3 1.Жаңбырды бақылау. Мақсаты: Табиғаттың «көңіл-күйі», жел, жаңбыр, суық екенін сезіндіру. 2.Еңбек: Аула сыпырушының еңбегін бақылау, көмек беру. 3.Балалармен жеке жұмыс: Жұмбақ жасыру Мақсаты:Логикалық ойлау қабілеттерін дамыту 4.Қимылды ойындар: «Қарлығаш» 5.Дербес ойындар.	Кешен.№4 1.Ауа-райын бақылау. Мақсаты: Күз мезгілінің ерекшеліктерін ұғындыру. Сөздік қорларын дамыту. 2.Еңбек: Өз учаскемізді тазалау Мақсаты: тазалыққа үйрету. 3.Балалармен жеке жұмыс: Сұрақ-жауап алмасу. Неше ай бар? 4.Қимылды ойындар: «Мысық пен тышқан» Мақсаты: ептілікке,шапшаңдыққа тәрбиелеу. Балалардың өз еріктерімен жасалатын іс-әрекеттері.	Кешен.№5 1.Көлік түрлерін бақылау. Мақсаты: Көлік түрімен таныстыруды әрі қарай дамыту, адам тұрмысындағы көліктердің пайда болуы 2.Еңбек: Аула сыпырушыға көмектесу Мақсаты:еңбекті бағалай білуге үйрету. 3.Балалармен жеке жұмыс: Мақал – мәтелдер Еріншек түске дейін ұйықтайды. 4.Қимылды ойындар: «Ұшты- ұшты» 5.Балалардың өз еріктерімен жасалатын іс-әрекеттері.

		5.Балалардың өз еріктерімен жасалатын іс-әрекеттері.				
Серуеннен оралу		Балалардың реттілікпен киімдерін шешіп, жинастыруы, қолдарын жуу .				
		Балалардың мәдени-гигиеналық дағдыларын дамыту,тамақтану мәдениетін қалыптастыру.Өз-өзіне қызмет ету дағдыларын жетілдіру.»Бата беру»»Ас қайтару»дәстүрлерін үйрету.				
Түскі ас		Тамақты әбден шайнап, тауысып ішуге үйрету.	Қасықты оң қолмен жеуге тәрбиелеу.	Ас қайыру: Асың, асың, асыңа, Береке берсін басыңа! Дастарканың мол болсын! Денсаулығын көп болсын!	Дастарханында наны жоқтың, Тағамының дәмі жоқ. Нанды қастерлеуге тәрбиелеу.	Майлықты дұрыс пайдалануға үйрету.
Түскі ұйқы		«Айлакер қоян»ертегін оқу. Мақсаты.Ертегіні тындап жатып балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату.	«Ұсқынсыз үйрек балапаны»ертегісін оқып беру. Мақсаты.Ертегіні тындап жатып балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату.	«Қотыр торғай»ертегісін оқып беру Мақсаты.Ертегіні тындап жатып балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату.	Әлди-әлди музыкамен ұйықтау. Баяу әуенмен ұйқыға жатқызу.	Әлди-әлди музыкамен ұйықтау. Баяу әуенмен ұйқыға жатқызу.
Біртіндеп ұйқыдан ояту, шынықтыру шаралары.		Керует жанындағы жаттығулар керіліп-созылулар, жуыну шараларын жалғастыру	Балалар төсекте, арқаға жатып, қолын жанына созу, демдерінбірнеше секунд іште ұстап, еркін шығару.	Керуетте отырып Жоғары, төмен қараңдар. Солға иілу, оңға иілу Алға қарай еңкею	Қолды көтеріп, керіл. Алға қарай еңкейіп,Иәлеміз төмен.	Балалар төсекте, арқаға жатып, қолын жанына созу, демдерін бірнеше секунд іште ұстап, еркін шығару.
Бесін ас		Балалардың назарын тағамға аудару,мәдениетті тамақтануға баулу.				
Ойындар, дербес әрекет		1.Вариативтік компонент: «Биле, биле, балақай!» Тақырыбы: «Күзгі вальс»биі Мақсаты: Балалардың көңіл-күйін көтеріп, биге деген қызығушылығын оята отырып, «Күзгі вальс» биінің әуенін тыңдатып, қимылдарын көрсетіп табиғат сұлулығын би арқылы сезіммен жеткізуге үйрету. 2.Дидактикалық ойын: «Кімнің төлі». Мақсаты: Жануарларға деген сүйіспеншіліктерін арттыру	1.Өңгімелесу: «Жомарт күз» Мақсаты:сурет арқылы сөздік қорын молайту,тілін дамыту. 2Қ/ойын «Салат» Мақсаты:балаларды топтық ойынға тәрбиелеу.	1. Вариативтік компонент «Сикырлы әріптер» Тақырыбы: «Л л дыбысы және әрпі» Мақсаты: Л, л дыбысы мен әрпін қайталау. Ойын арқылы тілдерін, ой - өрістерін, сөздік қорларын, есте сақтау қабілетін дамыту. Л дыбысы бар сөздерді ойлап табуға, дауысты - дауыссыз дыбыстарды бір - бірінен ажыратуға, баспа түрде жазуға дағдыландыру, ойларын еркін жеткізе білуге тәрбиелеу. 2.Ойын жаттығуы: Қолды белге қояйық, Басты оңға бұрайық Басты солға бұрайық. Бір отырып, бір тұрып Біз дем алып қалайық.	1.Сюжетті рольді ойындар: «Қуыршақты киіндіру» Мақсаты:Күздік киімдерді ұл бала мен қыз баланың киімдерін ажыратуға үйрету. 2.Құрастыру:»Төбешек құрастыру»Мақсаты:Құрылыс материалдарының бірнеше бөліктерін құрастырып жасауға үйрету.	Вариативті компонент: «Ойнада ,ойлан» Тақырыбы:7,8,9 сандарының құрылуымен және 7,8,9 цифрларымен танысу. Мақсаты: 7,8,9 сандары мен цифрларын енгізу, цифрларды заттың санымен сәйкестендіреді, 1-ді қосу арқылы сан шығарып алу туралы түсінікті қалыптастыру. Балалардың зейінін кеністікте ойлау, есте сақтау қабілетін дамыту. Жинақылыққа тәрбиелеу.

		Ислам«Күздік киімдер» Мақсаты:сөздік қорын молайту,ойлау,есте сақтау қабілеттерін дамыту.	Азиза «Күзгі әуен»өленің айтқызу. Мақсаты: Есте сақтау қабілетін жетілдіру.	Алдияр сурет оқу қызметі бойынша түрлі түсті шардың суретін үлгі бойынша салдыру, қарандашты дұрыс ұстауға үйрету.	Жеке жұмыс:Психологтың жұмысы:Исламмен өзін ортада қалай ұстау жөнінде жұмыс жүргізу.	Музыка жетекшісінің жұмысы:Кәусарөлеңнің мазмұнын түсіндіріп, жатқа үйрету.
Серуенге дайындық		Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды , киіміндегі олқылықтарды				
Серуен		Қойын: «Аттамақ »Мақсаты:Денені шынықтыру,шапшандыққа,ептілікке баулу				
Балалардың үйге қайтуы.		«Кеңес» Ата –аналарға кеңес: «Тұмаудан сақ болыңыз»				

Тексеру күні _____ 2021ж

Бекітемін: Қарабасова Г.А

Қазан айының ІУ-апта 25.10 -.29.10.2021 аралығындағы Мектепалды даярлық №3 «Ақ желкен» тобының күн тәртібіндегі тәрбие, ұйымдастырылған оқу қызметінің циклограммасы

Тәрбиеші: Мусина Г.А.

Өтпелі ай тақырыбы: «Менің отбасым»

Апта тақырыбы: «Үйдегі және көшедегі қауіпсіздік»

Мақсаты: Балаларға үйдегі және көшедегі қауіпсізді ережелерін түсіндіру.Өмір қауіпсіздігін сақтауға тәрбиелеу.Қауіпті жағдайларды ескере отырып,үлкендердің айтқанын тындауға баулу.

Күн тәртібі		Дүйсенбі 25.10.2021ж	Сейсенбі 26.10.2021ж	Сәрсенбі 27.10.2021ж	Бейсенбі 28.10.2021ж	Жұма 29.10.2021ж
Балаларды қабылдау		Тәрбиеші мен баланың қарым қатынасын нығайту.				
Ата-аналармен кеңес әңгімелесу		Ата-анамен баладан демалыс күндерін қалай өткізгендігі туралы әңгімелесу				
Ойындар. (үстел үсті, саусақ және т.б)		Саусақ ойындар Қол ұстасып дөңгелеп Тұра қалдық скеуміз Өзіміз де дөңгелек Күнге ұқсайды екенбіз. (Дөңгеленіп қол ұстасады.Сұқ саусақтары мен бас бармақта рының ұшын бір біріне тигі зіп,дөңгелек күн жасаңдар)	Үстел үсті ойыны «Суретті құрап шық» Қиылған сурет бөліктерін ретімен құрау арқылы балабақша бейнесін жасау.	Тіл ұстарту жаттығуы Өс- өс- өс, Тігіп алдым қос, Екіге екіні қос. Көңілде жоқ қос. Өс-өс-өс. Өнегелі болып өс. Ұқыпты боп өс. Ағаш тез- тез өс. Музыка әуенін тыңдап, музыка сай жаттығу жасау.	Құрлыс ойындар «Кім жылдам құрастырады?» Мақсаты: балаларды шапшаңдыққа тәрбиелеу.	Құрлыс ойындар «Аула» Мақсаты: Құрылыс ойыншықтарын қатарлап орналастыра білу дағдыларын қалыптастыру.
Таңертеңгі жаттығу		Дене шынықтыру нұсқаушысының жоспары бойынша				
Таңғы ас		Балаларға ас ішуге көмектесу, қасықты дұрыс ұстауға дағдыландыру, ұқыпты ішуге тәрбиелеу.				
ұйымдастырылған оқу қызметіне дайындық.		Сөздік ойын: «Дауысынан таны» Мақсаты: Балаларды достарын, дауысынан танып білуге үйрету.Достықтарын нығайту.	«Қоянға көмектес.» Ойын мақсаты: Заттарды санауға және олардың екі тобын салыстырып, өлшеміне, пішініне және түстеріне қарай ажыратуға үрету.	«Бұл қай кезде болады?» (үстеу)Ойынның мақсаты: Балалармен тәулік бөліктерін бекіту (таңертен,күндіз,кеш,түн	«Сөзді айтуға көмектес» Ойынның мақсаты:Сөздерді толық әрі дұрыс айтуға үйрету.	«Бұл қай кезде болады?» Ойынның мақсаты: жыл мезгілдері және табиғат құбылыстары туралы түсініктерін арттыру

